

2016 жылғы агроөнеркәсіптік кешені саласындағы кейбір мәселелер туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы № 44/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 16 наурызда № 4998 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7-бабы 2-тармағының 18) тармақшасына, 11-бабы 2-тармағының 4), 7) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2016 жылға арналған жергілікті бюджеттен берілетін субсидиялар көлемдері;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге қойылатын 2016 жылға арналған өлшемдер мен талаптар;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша шығындарды 100%-ға дейін өтеуге 2016 жылға арналған субсидиялау нормативі;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу үшін 2016 жылға арналған субсидиялау нормативі;

5) осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізудің 2016 жылға арналған өлшемдері мен талаптары бекітілсін ;

6) осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2016 жылға арналған республикалық бюджеттен берілетін субсидиялар көлемдері.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 08.11.2016 № 332/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Мыналар күші жойылды деп танылсын:

1) Павлодар облысының әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтерін, сондай-ақ жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды бекіту туралы" № 108/4 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3771 болып тіркелді, 2014 жылғы 29 сәуірде "Звезда Прииртышья" газетінде, 2014 жылғы 17 мамырда " Сарыарқа самалы" газетінде жарияланды);

2) Павлодар облысының әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі "Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтерін, сондай-ақ жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды бекіту туралы" № 108/4 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" № 101/4 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4432 болып тіркелді, 2015 жылғы 25 сәуірде "Звезда Прииртышья", "Сарыарқа самалы" газеттерінде жарияланды).

3. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "22" ақпандағы
№ 44/2 қаулысына
1-қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды,
мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын
арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2016 жылға
арналған жергілікті бюджеттен субсидиялар көлемдері**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облыстық әкімдігінің 08.11.2016 № 332/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативтері, 1 бірлік үшін, теңге	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана)	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5
мал шаруашылығы				
Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	3 000	3 036	9 108
етті мал шаруашылығы				
Асыл тұқымды және селекциялық жұмыстарды жүргізу				
тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	38 187	687 366
асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	11 414	228 280
жалпы табындарда етті бағыттағы асыл тұқымды өндіруші бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000	4	416
Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	1 780	274 120
импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канададан)	бас	200 000	189	37 800
Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату:				
1-деңгей	кг	300	625 068,02	187 520,406
3-деңгей	кг	100	24 979,88	2 497,988
Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейіндегі мал бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24 000	2 142	51 408
Барлық сомасы				1 478 516,394
сүтті мал шаруашылығы				
Селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жүргізу				
асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	4 813	96 260
Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу				
отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	336	51 744
Сүт өндірісінің құнын арзандату:				
1-деңгей	кг	25	1 188 384,96	29 709,624
2-деңгей	кг	15	1282 756,6	19 241,349
3-деңгей	кг	10	493 883,5	4938,835
Барлық сомасы				201 893,808
жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы				
Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату:				
2-деңгей	дана	2,6	14 947 702,4	38 864,026
Барлық сомасы				38 864,026

жылқы шаруашылығы				
Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	104	4 160
Қымыз өндірісінің құнын арзандату	кг	60	3 660	219,6
Барлық сомасы				4 379,6
шошқа шаруашылығы				
Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	бас	15 000	36	540
Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	кг	98	378 064	37 050,272
Барлық сомасы				37 590,272
қой шаруашылығы				
Селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жүргізу				
тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық мал басы, асыл тұқымды зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымды қойлардың аналық мал басы	бас	1 500	2 004	3 006
Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	175	1 400
Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату:				
2-деңгей	кг	100	2 499	249,9
Барлық сомасы				4 655,9
ара шаруашылығы				
Ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жүргізу	ара ұясы	10 000	250	2 500
Барлық сомасы				2 500
Барлығы				1 768 400

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "22" ақпандағы
№ 44/2 қаулысына
2-қосымша

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге қойылатын 2016 жылға арналған өлшемдер мен талаптар

Р/с №	Өлшемдер мен талаптар
1.	Жұмыс мерзімі мал асылдандыру инспекциясы саласындағы уәкілетті органнан тізілім бойынша расталуымен ірі қара малды қолдан ұрықтандыруда жұмыс тәжірибесінің болуы
2.	Көлік криоген цистернасы түріндегі арнайы ыдыспен жабдықталған сұйық азотты тасымалдауға арналған жеке меншік құқығында немесе ұзақ мерзімді жалдауда арнайы автокөліктің болуы
3.	Жеке меншік құқығында тұқымдық бұқалардың ұрығын сақтайтын СДС-35 түріндегі арнайы ыдыстың болуы
4.	Штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлердің болуы

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "22" ақпандағы

Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша шығындарды 100%-ға дейін өтеуге 2016 жылға арналған субсидиялау нормативі

P/c №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялау нормативі, теңге
1.	Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша шығындарды 100%-ға дейін өтеу	бас	3 000

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "22" ақпандағы
№ 44/2 қаулысына
4-қосымша

Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу үшін 2016 жылға арналған субсидиялау нормативі

P/c №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялау нормативі, теңге
1.	Бал ара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	бал ара ұясы	10 000

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "22" ақпандағы
№ 44/2 қаулысына
5-қосымша

Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізудің 2016 жылға арналған өлшемдері мен талаптары

P/c №	Өлшемдер мен талаптар
1.	Есептік жылдың 1 қаңтарында бал ара ұяларының 100-ден кем емес (асыл тұқымды бал ара ұяларының көктемгі тексерудің актісі негізінде 100-ден кем емес) болуы
2.	Бейіндік ғылыми ұйымның немесе бал араларын өсірумен айналысатын ғалымның ғылыми-консалтингтік сүйемелдеуінің болуы
3.	Элитаның және 1-кластың үлес салмағы 50% кем емес
4.	Ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды міндетті түрде жүргізу

Павлодар облысы әкімдігінің
2016 жылғы "22" ақпандағы
№ 44/2 қаулысына
6-қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды,
мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын
арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша 2016 жылға
арналған республикалық бюджеттен субсидиялар көлемдері**

**Ескерту. Қаулы 6-қосымшамен толықтырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің
08.11.2016 № 332/8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
қаулысымен.**

Субсидиялау бағытының атауы	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативтері, 1 бірлік үшін, теңге	Субсидияланатын көлем (бас, килограмм, дана)	Субсидиялар сомасы, мың теңге
1	2	3	4	5
мал шаруашылығы				
етті мал шаруашылығы				
Асыл тұқымды және селекциялық жұмыстарды жүргізу				
тұқымдық түрлен-дірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000	19 500	351 000
асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	3 354	67 080
Жалпы табындарда етті бағыттағы асыл тұқымды өндіруші бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000	2	208
Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу				
отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	1 535	236 390
импортталған асыл тұқымды ірі қара мал	бас	118 000	9	1 062
Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату:				
1-деңгей	кг	300	613 000	183 900
2-деңгей	кг	170	100 000	17 000
3-деңгей	кг	100	272 860	27 286
Бұқашықтарды бірін-ші өндіріс деңгейіндегі мал бордақылау алаңдарына өткізу	бас	24 000	400	9 600
Барлық сомасы				893 526
сүтті мал шаруашылығы				
Асыл тұқымды және селекциялық жұмыстарды жүргізу				
асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000	2 904	58 080
Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу				
отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000	349	53 746
импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен)	бас	154 000	581	89 474
Сүт өндірісінің құнын арзандату:				
1-деңгей	кг	25	22 129 424,52	553 235,613
2-деңгей	кг	15	6 249 734	93 746,010
3-деңгей	кг	10	4 791 490,9	47 914,909
Барлық сомасы				896 196,532
жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы				

Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-аналық/ата-бабалық жұмыртқалы бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	бас	120	80 000	9 600
1	2	3	4	5
Тағамдық жұмыртқа өндірісінің құнын арзандату:				
2-деңгей	дана	2,6	76 615 384,7	199 200
етті бағыттағы құс шаруашылығы				
Құс еті өндірісінің құнын арзандату:				
3-деңгей	кг	50	600 000	30 000
Барлық сомасы				238 800
жылқы шаруашылығы				
Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу	бас	40 000	150	6 000
жылқы еті өндірісінің құнын арзандату				
қымыз өндірісінің құнын арзандату	кг	60	358 359	21 501,540
Барлық сомасы				50 649,476
шошқа шаруашылығы				
Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	кг	98	4 591 204	449 937,992
Барлық сомасы				449 937,992
қой шаруашылығы				
Селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жүргізу				
тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық мал басы, асыл тұқымды зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымды қойлардың аналық мал басы	бас	1 500	19 996	29 994
Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу	бас	8 000	666	5 328
Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату:				
1-деңгей	кг	200	7 500	1 500
2-деңгей	кг	100	73 510	7 351
Барлық сомасы				44 173
Барлығы				2 573 283